

17.06.2019 ж.

«Ел тарихындағы ерен тұлға» атты

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған көрме-арнау

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханамызда 17 маусым күнінен бастап Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың апталық күндеріне арналған «Ел тарихындағы ерен тұлға» атты көрме абонемент бөлімінде ұйымдастырылды.

Тұңғыш президент күніне орайластырылған шараны тамашалауға студенттер

мен бөлім оқырмандары жиналған.

Көрмеге барлығы 30-дан астам кітаптар мен бірнеше мерзімді басылым материалдары қойылды. Оларда Нұрсұлтан Назарбаевтың қарапайым жұмысшыдан президенттіке дейінгі өмірлік жолы қамтылған.



Көрмеге Елбасымыздың елімізді басқаруда атқарған ұлан – ғайыр істері, саясаткер, адам және азамат ретіндегі барлық кітаптары қойылды. Көрме үш бөлімді қамтыды. Бірінші бөлім: «**Тарих және тәуелсіздік**» – деп ұлттық тарихымыздың соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Біз өзіміздің өткендегі өмірімізге кілең бір кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарамауымыз керек. Ресей империясының құрамында болған кезіміз көпшіліктің тарихтағы бағы баянды еместігіне көз жеткізді. Абылай ханның немересі Кенесарының қияпатты тұлғасы, тәуелсіздік үшін арпалысқан басқа да ерлердің бейнесі біздің жадымызда жатталып қалмақ. Қияметті де қияпатты соңғы онжылдықта бұған

дейінгі жүздеген ұрпақтардың қолы жетпегенге қол жеткіздік: тәуелсіз мемлекет құра алдық. Бізді енді ешқандай тарих желі жер бетінен жойып жібермейтіндігінің басты кепілі, міне осы. Екінші бөлім: «**Елін сүйген, елі сүйген Елбасы**» – деп, Отаным – Қазақстан туған жерім,

Мұнай мен газ болады асыл кенім.

Көркейтіп бір өзіңді келе жатқан

Артамыз Елбасына үлкен сенім , - дей келе 1991 жылғы 1 – желтоқсанда бүкілхалықтық сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекет басшысы болып сайланды. Сөйтіп, ғасырлар бойы халқымыздың асыл арманы болып келген егемен Қазақстанды құру жөніндегі ата – бабаларымыздың тарихи аманаты орындалды. Елімізде жүзеге асып жатқан өміршең өзгерістердің басында тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев сияқты талантты тұлғаның, халқын сүйетін ұлтжанды азаматтың тұрғанын көрмеу, соны сезінбеу, оның осы орайда тындырған ұлан – ғайыр істерінің түп – төркініне көңіл жүгірті, өзіңше ойланып толғанбау мүмкін емес еді. Үшінші бөлім: **«Елбасының ойында – елдің қамы»** деп аталынды, Елбасымыз басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық. Еліміз дамыған елдер қатарынан көрініп, Елбасымыз қолға алған стратегиялардың арқасында мемлекетіміз қарқынды дамып, өркендеп келеді. Мұның бәрі Елбасымыздың арқасында. Халықтың жанын қазір не ауыртып жүрсе, Елбасының қабырғасына да сол бататындығына күмәнданбаймыз. Халқымыздың едәуір бөлігінің тұрмыс жағдайының ауырлығы, жұмыссыздық, ауылдарымыздың ахуалы сияқты мәселелер оны алаңдататыны анық. Әсіресе соңғы жылдары бұған қатты көңіл бөліп, тиісті басшыларға талапты қатты қоя бастауы да осыдан шығар. Үлкен басқосуларда жергілікті әкімдерге, қалталы азаматтарымызға тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына, асыраушысы жоқ қарияларға көмек көрсетуді ұдайы тапсырып отырады. Бұл да қиындықты көріп, сезініп өскен азаматтың жан сергектігі болса керек...

Көрмеге 30 астам кітаптар қойылып, бөлім оқырмандарға библиографиялық шолу жасалынды.